

Т.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

2024-2025 оқу жылына колледж талапкерлеріне арналған іріктеу турда қойылатын критерийлер мен талаптар

мамандық: **«02150500 АКТЕРЛІК ӨНЕР»**

біліктілігі: **4S02150502 - музыка театрының әртісі** (қазақ бөлімі)

Шығармашылық іріктеу турда талапкерлерге қойылатын шарттар:

Талапкер өзінің мәдени дәрежесін, ойлау қисынын, талғамын, жігер-қажырын, музыкалылығын, дене сымбаттылығын көрсете білуі шарт. Талапкерлердің түр-тұлғасы, есту, сезіну, көру, қимыл қабілеті, сахналық көркемділігі болуы қажет.

1. Вокал

а) талапкердің *музыкалық қабілетін* тексеру (слух, ритм, интонация) - талапкердің музыкалық сауатын тексеру (ноталарды, ұзақтықтарды, өлшемдерді, т.б.)

б) - талапкердің орындауында қазақ халық әні және қазақ композиторларының әні а-капелла немесе өз сүйемелдеуімен ән салуы:

- әннің мазмұнын жеткізе білу керек;

- талапкердің дауысы жақсы, тембрі әдемі, диапазоны кең, интонациясы таза, ритмі жақсы, есту қабілеті бар болуы қажет (тек тірі дауыспен айту).

2. Актёрлік шеберлік

- талапкер таңдаған тақырыбына байланысты *этюд* (жануарлар әлемі) құрастырып, психологиялық ерекшеліктері мен сыртқы ұқсастықтарын көрсетеді. Кенеттен іске асыру және ойлау жылдамдығы сыналады.

- *би* - талапкердің музыкалық ырғақты, өлшем мен екпінді сезінуі, қозғалыс үйлесімділігі, бейімділігі тексеріледі.

- талапкердің орындауында: би түрлері (халықтар биі, классикалық би, жастар биі);

- *акробатикалық элементтер* (мостик, шпагат, кувырок, т.б.).

Сахна тілі

– талапкер әр түрлі жанрдағы әдеби шығармалардан үзінділерді жатқа айтуы керек. Талапкер автордың айтайын деген ой-пікірін толық жеткізе білуі керек: тілдің тазалығы, айтылуы нақты және анық болуы шарт. Талапкердің орындауында:

- *поэзия* (жатқа айту);

- *мысал* (жатқа айту);

- *проза* (үзіндіні жатқа айту).

Педагогикалық кеңесте қаралды және талқыланды, 2023 жыл 10 сәуір № 4 хаттама.

Іріктеу тұрынан өткен талапкер «рұқсат» (допуск) қағазымен құжаттар тапсырады:

- 25 маусым – 20 шілде құжаттарды қабылдау, іріктеу туры, консультация

- 21 шілде – 28 шілде қабылдау емтихандары (вокал, актер шеберлігі, сахна тілі)

*Құжаттарды қабылдау 20 шілде сағат 13:00 тоқтатылады,
талапкер құжаты толық болмаса емтиханға жіберілмейді !*

КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР:

- кесте бойынша,

- онлайн консультация (видеосабактар) сайтта «Талапкер» бөлімінде;